

Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті төрағасының
м.а.

2023 жылғы «11» қазандағы
№ 160-нж бұйрығымен бекітілген

**2024-2026 жылдарға арналған
ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша
жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасы**

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған жас ғалымдардың 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (бұдан әрі – конкурс) бойынша өткізіледі.

Конкурстың мақсаты – жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу бастамаларын ынталандыру.

2. 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша қоса алғанда 40 (қырық) жастан аспаған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы Ережеге, 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

3. Конкурстық құжаттаманы ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті конкурсқа қатысуға өтінімдерді дайындау мақсатында әзірледі.

4. 2024-2026 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы – 9 млрд. теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2024 жылы – 3 млрд. теңге, 2025 жылы – 3 млрд. теңге, 2026 жылы – 3 млрд. теңге.

5. Зерттеудің түрі: іргелі және қолданбалы зерттеулер.

2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары

2.1. Басым бағыттар

1. Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану
2. Энергия, озық материалдар және көлік
3. Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар
4. Елдің зияткерлік әлеуеті
5. Өмір және денсаулық туралы ғылым
6. Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту
7. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, биологиялық қауіпсіздік

2.2. Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдерімен айқындалған мамандандырылған ғылыми бағыттар ақпараттық жүйеде өтінімді ресімдеу кезінде көрсетіледі.

3. Ғылыми жетекшіге және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ өзге де біліктілік талаптары

1. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдары тең шарттарда қатысады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның ғылыми жетекшісі (бұдан әрі - жоба жетекшісі) Қазақстан Республикасының резиденті болуға және мынадай ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

- өтінім беру сәтінде жасы 40 (қырық) жастан (қоса алғанда) аспауы тиіс;
- философия докторы (PhD), немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) бар болуы. Бұл ретте шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді.

- жоба жетекшісінің ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі тиіс.

3. Жоба жетекшісінде 2018-2023 жылдары жоба ұсынылатын ғылым бағыты бойынша (жоба) келесі жарияланымдар болуы тиіс:

3.1. Жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар, ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары, медицина және денсаулық сақтау саласындағы салалар үшін:

іргелі зерттеулер және қолданбалы зерттеулер үшін:

- Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded деректер базасында және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентиілі бар рецензияланатын ғылыми басылымда индекстелетін кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҒЖБССҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдарда кемінде 2 (екі) мақала;

- немесе Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) немесе 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентиілі бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу.

3.2. әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер салалары үшін:

іргелі және қолданбалы зерттеулер үшін:

- Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index және Arts and Humanities Citation Index индекстелетін Web of Science деректер қорының және(немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 25 (жиырма бес) процентиілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- ҒЖБССҚК ұсынған отандық немесе шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- немесе Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) немесе 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентиілі бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу.

3.3. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс басым бағыты бойынша берілген Мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын ғылыми және

ғылыми-техникалық жобалардың жетекшілері үшін 3.1 және 3.2 талаптары қолданылмайды. Осы санаттағы жоба жетекшісінде 2017-2022 жылдардағы:

- ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала;

3.4 Web of Science (оның ішінде – Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және Scopus базаларындағы журналдарда мақалалар немесе шолулар ретінде осы базаларда индекстелген (бар) және article (мақала), Review (шолу), Early Access типі бар (Ерте қол жеткізу) немесе Article in Press (баспасөздегі мақала) жарияланымдар ғана есептеледі. Web of Science базасындағы журналдың квартилі және Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль жарияланған жылы немесе өтінім берген сәтте соңғысы ескеріледі.

Өртүрлі бұзушылықтар үшін Scopus базасында индекстеу тоқтатылған журналдарда жарияланған мақалалар мен шолулар (бетте «Scopus-тен Discontinued Sources» файлы <https://www.elsevier.com/solutions/scopus/how-scopus-works/content>) есепке алынбайды.

Жоба басшысының бейінінде «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (бұдан әрі – Орталық) ақпараттық жүйесінде автордың сәйкестендіргіштері (Scopus Author ID, Researcher ID, orcid, бар болса) көрсетілуі тиіс.

3.5. Орталықтың ақпараттық жүйесіндегі "негізгі ақпарат" бөлімінде осы конкурстық құжаттаманың 3-бөлімі 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін, толық библиографиялық сипаттамасы, Web of Science және/немесе Scopus Дерекқоры бойынша журналдардың квартильдері және/немесе процентильдері, сондай-ақ DOI немесе URL міндетті түрде көрсетілген жарияланымдардың тізімі келтірілуі тиіс.

Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар басшыларының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын жарияланымдарынан басқа – жоба жетекшілерінің Web of Science және Scopus базаларында индекстелмейтін басылымдардағы жарияланымдары, егер ол Интернет желісінде орналасқан журналдың немесе оның Digital Object Identifier (DOI) түпнұсқалық сайтында веб-беттің URL-мекенжайы келтірілген жағдайда ғана ескеріледі.

3.6. ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдағы мақалаға келесі басылымдар теңестіріледі:

- Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index индекстелген Web of Science деректер базасындағы ғылыми басылымдардағы мақала немесе шолу,

- Emerging Sources Citation Index деректер базасында Web of Science немесе Scopus деректер базасында индекстелетін шетелдік ғылыми басылымдағы мақала немесе шолу;

- өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қоса алғанда) немесе (толық библиографиялық сипаттамасы бар) басқа қорғау құжаты;

- немесе жобаның ғылыми жетекшісінің қосқан үлесі Ғылыми кеңеспен ұсынылған 1 баспа парақтан немесе 8000 сөзден кем емес монография;

4. Жобаның зерттеу тобы мүшелерінің (бұдан әрі – топ құрамы), жоба жетекшісін қосқанда, өтінім тапсыру мезетінде жасы 40 (қырық) жасқа (қоса алғанда) дейін болуы қажет.

4.1. Топ құрамына 30 (отыз) %-дан аспайтын (ғылыми жетекшіні есептемегенде ғылыми топ мүшелерінің жалпы санынан) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын өндіріс инженерлері және (немесе) шетелдік ғалымдар, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалардың басшыларын қоспағанда) тартылуы мүмкін.

5. Жеке тұлға осы конкурс шеңберінде қатысуға құқылы:

- ғылыми жетекші ретінде – 1 (бір) жобадан артық емес, сондай-ақ топ мүшесі ретінде- 1 (бір) жобадан артық емес.

- ғылыми жетекші болып табылмайтын топтың мүшесі ретінде-2 (екі) жобадан артық емес.

Осы конкурстық құжаттаманың 3-бөлімі 5-тармағының талаптарынан асатын барлық өтінімдер пысықтауға жатады.

6. Осы конкурсқа ғылыми жетекші ретінде жас ғалымдар үшін бұрын өткізілген гранттық қаржыландыру конкурстары шеңберінде жобалары қаржыландырылған жас ғалымдар қатыса алмайды (Жас ғалым конкурсы шеңберіндегі жобаларды қоспағанда).

4. Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар

1. Өтінім берушінің аккредитация туралы куәлігінің көшірмесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі;

2. 1-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім. Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал түсіндірме жазба және сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы мемлекеттік немесе орыс, сондай-ақ ағылшын тілдерінде жасалады;

3. Биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) Орталық комиссияның оң қорытындысы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін);

4. Жекеше әріптес тарапынан үлес туралы келісім (ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер жобаларын қоспағанда, жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ету туралы), іргелі зерттеулер бойынша мүмкіндігінше, қолданбалы зерттеулер бойынша жобаны іске асырудың барлық кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының көлемі кемінде 1% - ы міндетті түрде.

Оларды іске асыру мерзімдері, жобаның ЖТН-ы және атауы, салым сомасы (теңгедегі баламасы) немесе қажетті ресурстар көрсетілген (ресурстардың ақшалай құны), сондай-ақ Тараптардың қолдары қойылған және келісімдердің екі тарапының мөрлерімен куәландырылған.

5. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінім формасына және мазмұнына қойылатын талаптар, көлемі және бірлесіп қаржыландыру шарттары

1. Конкурсқа қатысуға өтінім 1-қосымшаға сәйкес жасалады. Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал түсіндірме жазба және сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы мемлекеттік немесе орыс, сондай-ақ ағылшын тілдерінде жасалады. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын өтінім мемлекеттік не орыс тілдерінде жасалады.

Өтінімнің Word форматындағы мазмұны is.ncste.kz ақпараттық жүйедегі мазмұнмен бірдей болуы тиіс.

2. Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі тиіс.

3. Өтінімде жобаны іске асыру мерзімі – 36 ай (күнтізбелік жоспарда жұмыстарды орындауды бастау – 2024 жылғы қаңтар) туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

4. Жобаны іске асыру үшін қажетті сұратылатын қаржыландыру сомасы оның ішінде жабдықтар сатып алуға – 2024 жылға 30 млн.теңгеден, 2025 жылға 30 млн. теңгеден, 2026 жылға 30 млн. теңгеден аспауы қажет, оның ішінде жабдықтар сатып алуға.

Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы жобаны іске асыру үшін қажетті сұратылатын қаржыландыру сомасы – 2024 жылға 25 млн.теңгеден, 2025 жылға 25 млн. теңгеден, 2026 жылға 25 млн. теңгеден аспауы керек.

Зерттеудің күтілетін нәтижелері сұратылып отырған қаржыландыру көлеміне сәйкес болуы тиіс.

5. Міндеттердің өлшенетін көрсеткіштерін көрсету кезінде өтінім беру және жобаны аяқтау сатысында әзірлемелердің технологиялық дайындық деңгейін көрсету қажет

6. Ғылыми жетекшіні қоса алғанда, зерттеу тобының барлық мүшелерінің еңбегіне ақы төлеудің жалпы қоры жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі үшін сұратылып отырған қаржыландырудың жалпы көлемінің 70 (жетпіс) % - ынан аспайды (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда).

7. Бөгде ұйымдардың (үшінші тұлғалардың) қызметтеріне арналған шығындар жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі үшін сұратылып отырған қаржыландырудың жалпы көлемінің жиынтығында 20 (жиырма) % - ынан аспауға тиіс.

8. Қолданбалы зерттеулер бойынша грант алуға үміткер қатысушы ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер жобаларын қоспағанда, жобаны іске асырудың барлық кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1% - ын қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ете отырып, жекеше әріптестің қатысуын қамтамасыз етеді *(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы қағидаларына сәйкес)*.

Қолданбалы жобалар бойынша жобаның жалпы құнының әрбір 5% қосалқаржыландыру үшін жеке серіктестің қаржылық емес ресурстармен қатысуын қоспағанда оны ұлттық ғылыми кеңес қарау кезеңінде 1 балл қосылады, бірақ жиынтығында 4 балдан аспайды *(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережеге сәйкес)*.

Бұл ретте қажетті қаржы ресурстарымен ішінара қамтамасыз ету жобаны іске асыру кезеңінде айқындалған тиісті жылға арналған қаржыландыру көлеміне (шарт шеңберінде қаржы қаражаты түскен сәттен бастап 3 айдан кешіктірілмей) барабар есептелуге тиіс, аударымды растау жобаның ЖТН аударуды тағайындауда көрсете отырып, өтініш берушінің ұйымының бухгалтерлік балансынан банктік құжат және/немесе қаржылық жазбалар болып табылады. Жобаның материалдық қамтамасыз етілуі екі тараптың мөрлерімен расталған қызмет көрсетуден/тауарларды жеткізуден кейін берілетін тиісті құжатпен расталуға тиіс (жеке тұлғалар үшін қолы).

Жеке серіктес жобаны іске асыру барысында салым ниетінен бас тартқан не тең мәнді ауыстыру болмаған жағдайда ҰҒК шешімі бойынша жобаны қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін.

6. Конкурса өтінім беру үдерісі

1. Өтініш беруші Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне электрондық түрде, өтініш беруші ұйым басшысының, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жобаның ғылыми жетекшісі мен зерттеу тобы мүшелерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған, орталықтың www.is.ncste.kz ақпараттық жүйесі арқылы өтінім береді. Орталықтың ақпараттық жүйесіндегі жоба жетекшісінің профилі автордың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) тиіс. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидасының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Орталықтың ақпараттық жүйесінен жеке тіркеу нөмірін (әрі қарай – ЖТН) алады.

Өтінім беруші ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылғаннан кейін өтінім қайта қайтарып алынбайды және оған қол қойылмайды.

2. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын грифі бар өтінімдер «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес ресімделеді.

Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада (дискіде) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде беріледі. Өтінім мәтінінің мазмұны 2 (екі) тілде қағаз және электрондық түрде бірдей болуы тиіс. Қағаз тасығыш тізімдемесі бар брошюра ретінде тігіледі, соңғы бетте парақтардың саны (құпия және құпия емес парақтардың саны) көрсетіліп, қорытынды жазба жасалады және мөрмен жапсырылады. Қағаз тасығышқа түгендеу нөмірі беріледі, өтінімнің электрондық нұсқасы бар дискіде тіркеу нөмірі болуы тиіс.

Субъектінің мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының отырысында бекітілген ҚР Ведомстволық ақпарат тізбесінің (бұдан әрі – ҚР ВМТ) бабына сілтеме жасай отырып, өтінімнің құпиялылық белгісін беру туралы анықтама-негіздеме өтінімге тігіледі.

2.1 Таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтерін қамтитын өтінімдер таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау шарттарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1196 қаулысының талаптарына сәйкес ресімделеді.

Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада (дискіде) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде. Қағаз тасығыш тізімдемесі бар брошюра ретінде тігіледі, соңғы бетте парақтар саны көрсетіле отырып, қорытынды жазба жасалады және мөр басылған жапсырмамен бекітіледі. Қағаз тасығышқа түгендеу нөмірі беріледі, өтінімнің электрондық нұсқасы бар дискіде тіркеу нөмірі болуы тиіс.

Субъектінің комиссия отырысында қаралған ҚР ВАТ-ның бабына сілтеме жасай отырып, өтінімнің таратылуы шектелген қызметтік ақпарат үшін белгі беру туралы анықтама-негіздеме өтінімге тігіледі.

Қазақстан Республикасының шегінде «құпия» және «ҚБПҮ» белгісі бар өтінімдерді жіберуді, әдетте, фельдъегерлік қызмет немесе «Қазпочта» АҚ – «Республикалық арнайы байланыс қызметі» («Қазпочта – РАБҚ» АҚ) арқылы жүргізіледі. Бұл ретте конвертте (пакетте) құпиялылық белгісін және «ҚБПҮ» деген белгіні міндетті түрде көрсету қажет.

3. Өтінімдер өтініш берушіге келесі талаптар бойынша қайтарылады:

1) өтінімді ресімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі және талап етілетін құжаттардың ұсынылмауы;

2) МФТС объектісінің тақырыбын немесе мазмұнын бұрын берілген, бірақ қаржыландыру үшін мақұлданбаған не бір мезгілде берілген МФТС объектілерімен қайталау фактілерінің болуы;

3) гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысушының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәлігі болмаған жағдайда;

4) ғылыми жетекшінің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;

5) күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттаманың 7-бөлімі 1-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі.

6) этика және биоэтика мәселелері жөніндегі орталық немесе жергілікті комиссиялардың оң қорытындысының болмауы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін);

7) 3-бөлімнің 6-тармағында көрсетілген берілетін өтінімдер санының артуы;

8) қолданбалы жоба бойынша жекеше әріптес тарапынан салым туралы келісімді ұсынбау;

Өтінім беруші Ұйымдастырушы өтінімді пысықтауға жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пысықталған өтінімді ұйымдастырушының ақпараттық жүйесі арқылы жібереді.

Ұйымдастырушы пысықтау мерзімі аяқталғаннан кейін берілген өтінімдерді МФТС жүргізбестен Тапсырыс берушіге қайтарады.

Ескертулер жойылмаған жағдайда өтінімдер өтініш берушіге қайтарылады .

7. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

1. Ғылыми жарияланымдар

1.1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асырудың қорытындылары бойынша жобаны іске асырудың барлық кезеңінде мынадай ең аз нәтижелер алынуға тиіс:

Жариялануы тиіс (міндетті түрде мақалалар және/немесе шолулар/патенттер авторларының кемінде 50% - ы зерттеу тобының мүшелері немесе хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор ретінде болуы тиіс, Web of Science және Scopus халықаралық базаларындағы процентиль мен квартильдің мәні жарияланған жылы жарияланымда көрсетілген беру күніне немесе есепті қарау кезінде көрсетіледі):

Жаратылыстану ғылымдары салалары үшін:

Іргелі зерттеулер үшін:

– Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) немесе 3 (үшінші) квартильге кіретін жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;

– ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала;

– немесе Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science халықаралық деректер базасымен индекстелетін 1 (бірінші) импакт-фактор бойынша квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) шолу және (немесе) мақала;

қолданбалы зерттеулер үшін:

– Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 50 (елу) кем емес процентиль бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу);

– немесе Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентиль бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу) және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін жоба тақырыбы бойынша 1 (бір) патент;

– немесе Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science халықаралық деректер базасымен индекстелетін 1 (бірінші) импакт-фактор бойынша квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) шолу және (немесе) мақала;

– жоба тақырыбы бойынша кемінде 1 (бір) өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қоса алғанда).

Инжиниринг және технология, ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары, медицина және денсаулық сақтау саласындағы салалар үшін:

Іргелі зерттеулер үшін:

– Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 50 (елу) кем емес процентиль бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу);

– немесе Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентиль бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу) және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін 1 (бір) патент;

– ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала;

- немесе Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science халықаралық деректер базасымен индекстелетін 1 (бірінші) импакт-фактор бойынша квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) шолу және (немесе) мақала.

Қолданбалы зерттеулер үшін:

– Web of Science базасының Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 35 (отыз бес) кем емес процентиль бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу);

–немесе Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентиль бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін жоба тақырыбы бойынша 1 (бір) шетелдік немесе халықаралық патент;

– немесе Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу);

- жоба тақырыбы бойынша кемінде 1 (бір) өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қоса алғанда).

Әлеуметтік, гуманитарлық ғылым және өнер салалары үшін:

- Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес)процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу);

– ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 2 (екі) мақалажәне (немесе) шолу;

– кемінде зияткерлік меншіктің 1 нысаны;

– немесе Science Citation Index Expanded индекстелген және Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) 2 (екінші) квартильге кіретін квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу);

- немесе Web of Science базасындағы Arts and Humanities Citation Index индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс басым бағыты жобалары бойынша:

- Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index Web of Science базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес)процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу);

– ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 2 (бір) мақала және (немесе) шолу.

- жоба тақырыбы бойынша кемінде 1 (бір) өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қоса алғанда).

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар бойынша:

- рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу соның ішінде ҒЖБССҚК ұсынған;

- жоба тақырыбы бойынша кемінде 1 (бір) өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қоса алғанда).

1.2. Бір жарияланым нөмірі тиісті жарияланымда қаржыландыру туралы мәтінде бірінші болып көрсетілген жоба бойынша ғана есептеледі.

1.3. Мақала немесе шолу егер ол журналдың ресми сайтында жарияланған, оның ішінде – «баспада» (In Press) мәртебесі бар немесе сол сияқты жағдайда жоба үшін (мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтер бар жобалардан басқа) есептеледі.

1.4. ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдардағы мақалаға келесі жарияланымдар теңестіріледі:

- Web of Science деректер басзасының Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index-інде индекстелетін ғылыми басылымдарда мақала немесе шолу;

- немесе Web of Science немесе Scopus деректер базаларының Emerging Sources Citation Index-інде индекстелетін шетелдік ғылыми басылымдарда мақала немесе шолу;

- немесе өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қоса алғанда);

- немесе ғылыми немесе ғылыми-техникалық кеңесінің ұсынымы болған кезде жобаның ғылыми жетекшісінің үлесі бар монографиясы (толық библиографиялық сипаттамамен);

- архивтік құжаттар жинағы

2. Жобаны іске асыру нәтижесінде дайындалған ғылыми-техникалық өнім (*жаңа технологиялар, әдістемелер, бағдарламалық қамтамасыз ету, техникалық құжаттама, проблемаларды шешуге арналған ұсынымдар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, географиялық, геологиялық, сейсмикалық және басқа да карталар, жаңа материалдар, заттар, жабдықтар, препараттар, құралдар, емдеу хаттамалары және басқалар*) қорғау құжатымен, енгізу актісімен, енгізу жөніндегі ұсынымдармен, лицензиялық келісіммен және т. б. қоса, коммерцияландыру жобасына арналған өтінішмен орындаушы ұйымның басшысы куәландырған құжаттық растау түрінде фотосуреттерді, бейнелерді және өзге де ақпаратты қоса бере отырып ұсынылуы мүмкін.

Жоба шеңберінде ғылыми-техникалық өнімнің соңғы пайдаланушылары үшін базалық оқу материалдары әзірленгені жөн.

3. Енгізу актісінде қол жеткізілген және (немесе) күтілетін әлеуметтік-экономикалық тиімділік туралы деректер болуға тиіс.

4. Ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т.б.) жариялау кезінде, авторлар жобаның ШЖК және қаржыландыру көзі (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті) көрсетіле отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауы тиіс. *Ағылшын тіліндегі басылымдарда қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: «This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP00000000)», AP00000000 – жобаның ЖТН.*

5. ЖТН жариялау құқығы, мақұлданған жобаның және өтініш берушінің атауы, жоба жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), өтініштің аннотациясы, күтілетін нәтижелер және жобаны іске асырудың әрбір жылы үшін алынған нәтижелердің аннотациясы (баспа және (немесе) электрондық нысанда) өтініш берушінің және (немесе) жоба жетекшісінің келісімі талап етілмей Орталыққа беріледі.

Ғылымды танымал ету, нәтижелер туралы ақпаратты тарату, оларды енгізу мүмкіндігін арттыру және коммерцияландыру үшін әрбір жоба үшін (мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын жобалардан басқа) орындаушы ұйымның немесе зертхананың сайтында (не жеке сайт) веб-бет құрылуы тиіс, онда жоба туралы қысқаша ақпарат көрсетілуі керек: өзектілігі,

мақсаты, күтілетін және қол жеткізілген нәтижелері, зерттеу тобы мүшелерінің олардың сәйкестендіргіштерімен (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, (егер бар болса) және тиісті профильдерге, Жарияланымдар тізіміне (оларға сілтемелермен) және патенттерге сілтемелермен; әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат. Веб-беттегі (немесе сайтта) ақпарат үнемі жаңартылып тұруы қажет (жылына 2 реттен кем емес). Жоба шеңберіндегі әрбір ғылыми жарияланым бойынша ұйымның/зертхананың сайтында және әлеуметтік желілерде және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында оның мазмұны мен қолданылуы мүмкін екендігі туралы ақпарат жариялануға тиіс. Жобаның Веб парақшасында (немесе сайты) жоба аяқталғаннан кейін 5 жыл бойы белсенді болуы керек және жоба туралы жаңа ақпарат пайда болған кезде жаңартылуы керек.

6. Жоба шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен Орталықта міндетті түрде мемлекеттік есепке алуға жатады.

7. Қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, жобалар бойынша барлық есептер қарыз алуды анықтаудың лицензиялық жүйесінде (платформасында) тексерілуге тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде көрсетілуі қажет.

8. Жобаны қаржыландыру

1. Гранттық қаржыландыру қаражатын жобаның ғылыми жетекшісі бөледі.

2. Гранттық қаржыландыру қаржысы күтілетін өтінімдегі нәтижелерге, міндеттерге, мақсаттарға жету үшін Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру қағидаларына сәйкес, конкурсқа дайындалған жобаларды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру өтінімінде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығындар түрлеріне бағытталуы тиіс.

3. Гранттық қаржыландыру қаржысы тиіссіз және орынсыз пайдаланылса, өтінім беруші мен жоба жетекшісі Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген жауапкершілікке тартылады.

4. Жобаларды орындаушы ұйымға гранттық қаржыландырудан қаржы ұстауға рұқсат етілмейді.

5. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға арналған шарт 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, оған заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Шартта көрсетілген ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер күнтізбелік жоспарға және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес келуі және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге осы конкурстық құжаттаманың 7-бөлімі 1-тармағының талаптарынан төмен болмауы тиіс.

Жобаны іске асырудың келесі жылына жарияланымды негізді көшіру жағдайларын қоспағанда, жұмыстардың күнтізбелік жоспарына өтінімде көрсетілген міндеттерді, іс-шараларды, күтілетін түпкілікті нәтижелерді өзгертуге, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың көрсетілген квантиль/процентиль санын азайтуға немесе өзгертуге жасалған шарттарға өзгерістер енгізуге және осы конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағына сәйкес баламалы жарияланымдарға ауыстыруға жол берілмейді.

6. Science Citation Index expanded, Social Science Citation Index және Arts and Humanities Citation Index Web of Science дерекқорында индекстелген ашық қолжетімді (Open Access) журналдарға жарияланымдар үшін баспаға төлем тек тікелей рұқсат етіледі. Баспада төлем жүргізуге арналған онлайн-жүйе болған жағдайда, ол шартсыз жүргізілуі мүмкін.

Жобаның ғылыми бағыты бойынша Web of Science деректер қорының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index және (немесе) Arts and Humanities Citation Index жүйесінде индекстелетін кемінде бір журнал шығаратын баспаға аударма қызметі, қолжазбаны әдеби және (немесе) тілде редакциялау үшін ақы төлеуге рұқсат етіледі..

7. Өтінім беруші жоба бойынша есеп пен есептілікті бекітілген заң тәртібімен жүргізеді.

8. Орындаушы мониторинг актісіне қол қоюдан бас тартқан және (немесе) құжаттарды ұсынбаған, сондай-ақ жобаны іске асыру орнына сараптамалық топ мүшелеріне рұқсат бермеген жағдайда, жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыныс енгізіледі және мониторинг актілері тиісті ҰҒК-ға қарау үшін жіберіледі.

ҰҒК жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган орындаушымен шартты бұзады.

9. Конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда және (немесе) конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізбеу себебінен ғана жоба бойынша қорытынды есеп мақұлданбаған жағдайда, ғылыми жетекші ҰҒК шешімімен Ғылым комитеті жариялаған келесі конкурстарға ғылыми жетекші ретінде қатысудан шеттетіледі. нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін (нәтижелерге қол жеткізу туралы Ғылым комитеті мен Орталыққа хабарланады), бірақ 3 жылдан аспайды. Ғылыми этиканы бұзу фактілері (плагиат және жалған тең авторлық, қайталау, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді фабрикациялау және бұрмалау және т. б.) анықталған не жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы ҰҒК шешімі қабылданған жағдайда (мониторинг актілерін және/ немесе Жобаны іске асыру туралы қысқаша мәліметтерді қарау нәтижелері бойынша) немесе ҰҒК шешімімен жоба бойынша қорытынды есепті мақұлдамаған жағдайда басшы Ғылым комитеті жариялаған келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
жобаларды гранттық қаржыландыру
конкурсына қатысуға өтінім**

Өтінім мынадай бөліктерден тұрады:

- 1) аннотация;
- 2) түсіндірме жазба;
- 3) сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы.

1. Аннотация

Аннотацияда жоба мақсатының, өзі зерттеуге бағытталған проблемалардың, зерттеулер жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің, зерттеулер нәтижелерінің ғылыми ұйымдардың және олардың ұжымының, ғалымдардың ғылыми-техникалық әлеуеті (оның ішінде – кадрлық) мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету деңгейінің, зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығының, яғни олардың коммерцияландыруға немесе Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін өзге сапада қолданылуға әзірлігі деңгейінің қысқаша сипаттамасы қамтылады.

Аннотация көлемі 600 сөзден аспауға тиіс.

2. Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазбаның мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептеген кезде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

- 1.1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].
- 1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
- 1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу саласы мен түрі.
- 1.4. Ғылыми салалардың классификаторына сәйкес зерттеу саласы
- 1.5. Зерттеу түрі
- 1.6. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.
- 1.7. Гранттық қаржыландырудың сұратылатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, теңгеде).
- 1.8. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден артық емес]

- 2.1. Кіріспе бөлім [100 сөзден артық емес]
Жоба идеясының, өзі шешуді көздейтін проблеманың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі. Жобаның пәнаралығы
- 2.2. Жобаның мақсаты [50 сөзден артық емес]
Мақсат қысқа әрі нақты баяндалады, ол жоба тақырыбына сәйкес келуге, қол жеткізілетін болуға және жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуге тиіс.
- 2.3. Жобаның міндеттері [400 сөзден артық емес]

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан, сабақтас міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Қойылған міндеттердің тізбесі:

- 1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштерімен;
- 2) міндеттердің әрқайсысының жоба мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен жобаның күтілетін нәтижелерімен өзара байланысының қысқаша негіздемесімен;
- 3) мақсаттардың өлшенетін көрсеткіштерін көрсету кезінде жобаны қолдану және аяқтау сатысындағы әзірлемелердің технологиялық дайындығының деңгейін көрсету қажет;
- 4) өтінім берушінің ойынша басқа маңызды параметрлермен бірге беріледі.

3. Жобаның ғылыми жаңашылдығы және маңыздылығы [1500 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) жобаны әзірлеудің алғышарттары (бар болса, алдын ала нәтижелер және (немесе) жоба тақырыбына қатысты өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);
- 2) мұның алдында әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген, зерттелетін тақырыпқа жататын ғылыми зерттеулерге, білімнің қазіргі жеткіліксіздігіне міндетті шолу жасай отырып, жобаның ғылыми жаңашылдығының негіздемесі және олардың осы жобамен өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуге тиіс, оның толық жазылуы «Библиография» деген 8-бөлімде ұсынылуға тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі қолда бар аналогтармен салыстыру;
- 3) жоба нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді енгізу), жобаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы;
- 4) жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне әсері, жобаның нәтижелерінен күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер, күтілетін әсерге қол жеткізу үшін қажетті шарттар.

Осы бөлімді сипаттау кезінде мынадай позициялардың сипаттамасына назар аудару қажет:

- 1) жоба идеясының қазіргі аналогтардан қағидаттық сипаттағы айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, онда жобаның артықшылығы неде және ол неге қаржыландырылуға тиіс екенін негіздеу қажет;
- 2) егер жобаның түпкілікті нәтижесі өнім болса, онда жоба шеңберінде ұсынылатын өніммен салыстыра отырып, жобаның пәндік саласындағы техниканың қазіргі уақытта қалыптасқан деңгейін сипаттау қажет;
- 3) жоба өтінім беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылатын жағдайда, онда жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан өзгешеліктерін қысқа әрі нақты баяндау қажет.

4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) жобаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, жобада қолданылатын зерттеу типтері (сипаттаушылық, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеулер жүргізудің дәйектілігі;
- 2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;
- 3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде жобада пайдаланылатын зерттеу әдістерін сипаттау, олардың жобаның мақсатымен және міндеттерімен өзара байланысы, өзаралық байланыста болуы;
- 4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және жобаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың анықтығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсетіп, таңдауды негіздеу қажет).

5. Зерттеу тобы және жобаны басқару

Зерттеу тобының құрамы 1-кестеге сәйкес ресімделеді. Жоспарланатын штаттың кемінде 70 %-ының (жетпіс пайыз) толық деректері көрсетіледі (зерттеу тобының негізгі персоналы). Қосымша персонал үшін (грант алған жағдайда, тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30 %-ына дейін) кестеде олардың жобадағы орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.

Жобаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдары, оның ішінде дәйексөз алу индексімен, басылымның квантилімен (процентімен) және тиісті ғылыми метрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелермен бірге көрсетілуге тиіс.

Зерттеу тобының негізгі персоналының жоба бағыты бойынша жарияланымдары туралы (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланым), дәйексөз алу индексі және тиісті ғылыми-метрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелері бар мәліметтер келтірілуге тиіс. Зерттеу тобы мүшелерінің тегі асты сызылып көрсетілуге тиіс.

6. Зерттеу ортасы [750 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1) жобаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын өтінім берушінің қолында бар материалдық-техникалық базаны (жабдықтар, аспаптар, мүкәммал, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т. б.), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу дағдысы бар зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып сипаттау;

2) жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар мен жеке эріптестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесі көрсетіледі. Негіздей отырып, басқа да отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалану;

3) әрбір ұйымды тарту қажеттілігін негіздеп, оның жобадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипатын, мақсатқа және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттай отырып, жобаны іске асыруға бөгде ұйымдарды тарту;

4) ұтқырлықты негіздеу: ғылыми іссапарлар және олардың жобаны іске асыруға әсері, эріптес ұйымдар базасындағы жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және орындаушының жобаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқаша көрсетіледі.

7. Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі (1500 сөзден артық емес).

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1. 2-кестеге сәйкес жоба (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Жобаның бюджетін жобаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және оны осы жобаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына бағыттауға болмайды.

«Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)» деген бапта 3-кестеге сәйкес постдокторанттарды, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттеріне, сондай-ақ қаржылық-экономикалық және заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыратын адамдарды қоса алғанда, жобаның зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйақы ретінде төлеуге жататын шығыстар жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы ескеріле отырып көрсетіледі. Есеп-қисапта өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалысақылар да ескеріледі. Бапта әлеуметтік салықты, әлеуметтік сақтандыруды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жұмсалған шығыстар да көрсетіледі.

«Қызметтік іссапарлар» деген бапта 4-кестеге сәйкес конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуды, басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану

үшін баруды қоса алғанда, зерттеулер жүргізумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасының шегінде және оның шегінен тысқары жерге іссапарлардың барлық шығыстары көрсетіледі (билеттер бойынша (авто, теміржол, әуе билеттері) қызмет көрсететін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарын қоса беру керек). Аталған кестені толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысын басшылыққа алу қажет.

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар» деген бапта 5-кестеге сәйкес орындаушының кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын, нәтижесі жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде (1) ұжымдық ғылыми зертханалар мен басқа да зертханалардың көрсетілетін қызметтеріне, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, (3) конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқаларға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналарға, (4) жобаның нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге, (5) зерттеу нәтижелерін жариялауға, (6) талдамалық материалдарды сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек). Жобаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болып табылатын жағдайда, олардың қатысуға арналған шығыстары «Еңбекке ақы төлеу» деген бөлімде көрсетіледі.

«Материалдар сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу» деген бапта 6-кестеге сәйкес жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті жабдықтар мен материалдарға арналған барлық шығындар мен бағдарламалық қамтылымды сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі, оның ішінде химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, зертханалық шығыс материалдар, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және басқалар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек).

«Жалға алу шығыстары, жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары» деген бапта 7-кестеге сәйкес өтінім берушінің тиісті үй-жайы болмаған кезде жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алуға, сондай-ақ жобаны іске асыруға байланысты коммуналдық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар, сондай-ақ зерттеу жүргізуге тікелей жұмылдырылған үй-жайларға, жабдықтар мен техникаларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек).

2. 3-7-кестелерге сәйкес шығыстардың әрбір бабына есеп-қисаптар

3. Әрбір шығыстар бабының мазмұны мен көлемінің есебіне олардың жобаның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажеттілігін міндетті түрде негіздеп, сондай-ақ тиісті шығыстар баптарын есептеуге негіз болған бағалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, қысқаша түсіндірмелер.

Барлық шығыстар баптарының жалпы сомасы қаржыландыруға сұратылатын соманы білдіреді және «Жалпы ақпарат» деген бөлімнің 1.5-тармағында көрсетілген сомаға барабар болуға тиіс.

8. Жобаны іске асыру жоспары

Бөлім 8-кестеге сәйкес жоба бойынша жұмыстардың егжей-тегжейлі, дәйекті жұмыс жоспарын қамтиды.

9. Күтілетін нәтижелер [750 сөзден артық емес]

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру нысандары көрсетіле отырып сипатталады. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиженің негіздемесі келтіріледі.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына байланысты жоба нәтижесін іске асыру нысандары мыналар болып табылуы мүмкін:

1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жариялау (жоба нәтижелерін жариялауға арналған болжамды басылымдар, басылымның дәйексөз алу индексі, тиісті ғылыми метрикалық базадағы басылым туралы ақпаратқа сілтеме жасай отырып). Зерттеулердің нәтижелері бойынша мақалалар санына қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді. Гранттық қаржыландыру көзі ретінде көрсетіле отырып, әрбір бап оның шеңберінде қаржыландырылған жобаның сәйкестендіруші тіркеу нөмірі және атауы туралы ақпаратты қамтуға тиіс;

2) шетелдік және (немесе) қазақстандық баспалар кітаптарында монографияларды, кітаптарды және (немесе) кітаптардағы тарауларды жариялау;

3) шетелдік (еуропалық, американдық, жапондық) патенттік бюродан, қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патенттер алу;

4) ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;

5) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастықтары және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату;

6) конкурстық құжаттаманың талаптарына және жобаның ерекшеліктеріне сәйкес басқа да өлшенетін нәтижелер. Бөлімде:

1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және нысаналы тұтынушылары;

2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен сабақтас салаларын дамытуға әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылымдығы және (немесе) мүмкіндігі;

4) негіздемесі бар жоба нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсері;

5) сапалық және сандық сипаттамаларын көрсете отырып, жобаның басқа да тікелей және жанама нәтижелері қосымша көрсетіледі.

10. Библиография

Бөлімде «Жобаның ғылыми жаңашылдығы мен маңыздылығы» деген 3-тармақта сілтемелер келтірілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет нөмірлері, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының есімдері болуға тиіс.

Қосымша:

1) 9-кестеге сәйкес жекеше әріптес тарапынан жобаны іске асыруға үлес қосу жоспары (қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін).

3. Сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы

«Сұратылатын қаржыландыру есеп-қисабының» бір бөлігі гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру үшін сұратылатын көлемнің есеп-қисабын негіздейтін 2 – 7-кестелер түрінде ресімделеді, олар сараптама орталығының ақпараттық жүйесінде толтырылады.

Есеп-қисаптарға түсіндірмелер «Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі» деген 7-бөлімнің «Түсіндірме жазба» деген бөлігінде келтіріледі.

1-кесте – Шетелдік ғалымдарды, жас ғалымдарды (постдокторанттарды, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттерін қоса алғанда, ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі зерттеу тобының құрамы

P/c №	Т.А.Ә. (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы ¹	Негізгі жұмыс орны, лауазымы ²	Хирш индексі, ResearchID, ORCID, Scopus Author ID сәйкестендіргіштері (бар болса)	Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипаты	Қатысудың қысқаша негіздемесі

² Деректері өтінімді дайындау күнінде белгісіз болған және оларды грант алған жағдайда тарту жоспарланатын зерттеу тобының мүшелері үшін «Т.А.Ә. (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы» деген бағанда «Бос жұмыс орны» деген сөз көрсетіледі.

³ Негізгі персоналға жатпайтын және өтінімді дайындау күнінде айқындалмаған зерттеу тобының мүшелері үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» деген бағанда сызықша көрсетіледі. Деректері өтінімді дайындау кезінде белгісіз болған постдокторанттар, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттері үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» деген бағанда мәртебесі көрсетіледі (постдокторант, докторантура, магистратура және бакалавриат студенті, мамандығы және зерттеу тобының құрамына тиісті қызметкерлерді тарту болжанатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы).

2-кесте – Сұратылатын сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есеп-қисабы

P/c №	Шығыстар бабының атауы	Қаржыландыру көлемі, мың теңге			
		Барлығы	20__ жыл (1-жыл)	20__ жыл (2-жыл)	20__ жыл (3-жыл)
1.	Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)				
2.	Қызметтік іссапарлар				
3	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар				
4.	Материалдар сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу				
5.	Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары				
Жиыны					

3-кесте – Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)

P/c №	Позиция	Еңбекке ақы төлеу, теңге												Барлығы (6-бағ. × 10-бағ. × 14-бағ.)
		1-жыл				2-жыл				3-жыл				
		Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке ақы төлеу айына, теңге	Жұмыс айының саны	Сомасы (3-бағ. × 4-бағ. × 5-бағ.)	Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке төлеу айына, теңге	Жұмыс айының саны	Сомасы (7-бағ. × 8-бағ. × 9-)	Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке төлеу айына, теңге	Жұмыс айының саны	Сомасы (11-бағ. × 12-)	

									бағ)				бағ. × 13- бағ)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1.	Зерттеу тобының негізгі персоналы			x				x				x		
1.1.														
1.2.														
...														
2.	Қосымша персонал			x				x				x		
2.1.														
2.2.														
...														
3.	Жиыны Еңбекке ақы төлеу қоры (1-бағ.+ 2-бағ.)	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (жиыны	x	x	x		x	x	x		x	x	x		

	4.1-бағ + 4.2-бағ + 4.3-бағ)													
4.1	Әлеуметтік салықты төлеуге арналған шығыстарды есептеу	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.2	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығыстарды есептеу	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.3	Міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
Барлығы 3-бағ + 4-бағ)		x	x	x		x	x	x		x	x	x		

4-кесте – Қызметтік іссапарлар

P/c №	Межелі пункті (ел, қала, елді мекен атауы)	1 адамға арналған тәуліктік шығыстарды өтеу нормасы (2 х айлық есептік көрсеткіш) (теңге)	1 адамға арналған тәулігіне тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар нормасы (теңге)	Тәуліктік шығыстарды есептеу үшін орташа жылдық адам/ күн саны (адам/күн)	Тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығысты есептеу үшін орташа жылдық адам/күн саны (адам/күн)	Іссапарға жіберілетін адамдардың орташа жылдық саны (адам)	Бір рет екі жаққа да жол жүрудің орташа құны (теңге)	Шығыстар сомасы (мың теңге) (3-бағ x 5-бағ + 4-бағ x 6-бағ + 7-бағ x 8-бағ)/1000
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	20__ жыл (1-ші жыл) барлығы						x	
1.1.								
1.2.								
...								
2.	20__ жыл (2-ші жыл) барлығы						x	
2.1.								
2.2.								
...								
3.	20__ жыл (3-ші жыл) барлығы						x	
3.1.								
3.2.								
...								
Жиыны (1-бағ + 2-бағ + 3-бағ)							x	

5-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Бірлігіне құны, теңге	Жалпы құны, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20 __ жыл (1-ші жыл) барлығы			x	
1.1.					
1.2.					
...					
2.	20 __ жыл (2-ші жыл) барлығы			x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20 __ жыл (3-ші жыл) барлығы			x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ + 2 -бағ+ 3-бағ), теңге				x	

6-кесте – Материалдар, жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Бірлігіне құны, теңге	Жалпы құны, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20 __ жыл (1-ші жыл) барлығы			x	
1.1.					
1.2.					

...					
2.	20__ жыл (2-ші жыл) барлығы			x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20__ жыл (3-ші жыл) барлығы			x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ + 2 -бағ+ 3-бағ), теңге				x	

7-кесте – Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігіне құны	Саны, бірлік	Барлығы, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20__ жыл (1-жыл), барлығы		x	x	
1.1.					
1.2.					
...					
2.	20__ жыл (2-жыл), барлығы		x	x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20__ жыл (3-жыл), барлығы		x	x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)			x	x	

8-кесте – Іске асыру жөніндегі жұмыстардың жоспары

Р/с №	Міндеттердің және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі		Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде), аяқтау нысаны
		Басталуы (ай)	Аяқталуы (ай)	
20____ жыл				
20____ жыл				
20____ жыл				

9-кесте – Әріптестің салым салу жоспары

Р/с №	Әріптестің атауы, мекенжайы, байланыс ақпараты	Салым нысаны (50 сөзден артық емес)	Салымның құны, мың теңге	Енгізу күні (күн/ай/жыл)
1	2	3	4	5

Гранттық қаржыландыруға арналған

№ _____ ШАРТ

Астана қ.

« _____ » _____ 20__ жыл

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы _____ № _____ бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Аппарат басшысының 2022 жылдың _____ № _____ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін бекіту туралы ереженің негізінде әрекет ететін, Төраға _____, тұлғасындағы, бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, «Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» мемлекеттік мекемесі, бір тараптан, және берілген/бекітілген (жеке тұлғалар үшін мекеме және берілген кезі _____ « _____ » _____ /заңды тұлғалар үшін _____ жылғы « _____ » _____ № _____) негізінде әрекет ететін (тек заңды тұлғалар үшін басшының лауазымы, Т.А.Ә.), (жеке тұлғалар үшін жеке куәлік/заңды тұлғалар үшін заңдық құжат) тұлғасындағы, бұдан әрі Орындаушы деп аталатын (жеке тұлғалар үшін Т.А.Ә./ заңды тұлғалар үшін ұйымның заңдық атауы), екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 96 – бабы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексінің 401, 402, 403-баптары, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі-Салық кодексі) 394-бабы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңының 24, 27-тармақтары, "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысының 69-тармағы. 38,39 "Ұлттық ғылыми кеңестер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысы негізінде, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті төрайымының «2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасын бекіту туралы» 2020 жылғы « _____ » _____ № _____ бұйрығы негізінде, Ұлттық ғылыми кеңестердің (Іске асырылатын басымдық көрсетіледі) 10 басымдық бойынша қаржылық қаржыландыру туралы шешімдері (2024 жылғы « _____ » _____ № _____ хаттама), Ғылым комитеті төрағасының (Іске асырылатын басымдық көрсетіледі) бойынша «2024-2026 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру туралы Ұлттық ғылыми кеңестің шешімін бекіту туралы» 2024 жылғы « _____ » _____ № _____ бұйрығы негізінде төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1 Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы өзіне жалпы сомасы _____ (сомасын жазбаша көрсету) болатын жобаны іске асырудың барлық кезеңінде 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы, «Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерді төлеу» бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс аясында ғылыми зерттеу (лер) жұмыстарын орындау міндеттерін жылдарға бөле отырып, алады:

2024 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша – _____ сомасында (сомасын жазбаша көрсету);

2025 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ сомасында (сомасын жазбаша көрсету);

2026 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ сомасында (сомасын жазбаша көрсету) басымдық бойынша: (атауын көрсету) және тақырып (тар) бойынша: 1) ЖТН " _____ " (ұйым бойынша тиісті басымдық жобаларының тақырыптарын көрсету).

1.2 Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асырудың негізгі кезеңдерінің мазмұны, орындалу мерзімдері мен нәтижелері жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен және Орындаушының гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық өтініміне сәйкес күтілетін нәтижелерімен және конкурстық құжаттаманың тиісті талаптарымен айқындалады.

1.3 Төменде көрсетілген құжаттар мен шарттар осы Келісімшартты құратын оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) Осы Шарт;
- 2) Жұмыстың күнтізбелік жоспары (1.1-1-қосымша);
- 3) Бөлінген қаражат туралы есеп (2.1-2-қосымша).

2. Ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы

2.1 Күнтізбелік жоспардың (лардың) 2-тармағында көрсетілген біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштері, 1.1-1... қосымшаға сәйкес (тақырыптың көлеміне қарай) (мысалы, ұйым бойынша 5 тақырып - 1.1-1.5, 20 тақырып - 1.1-1.20).

3. Шарттың жалпы құны және төлем шарттары

3.1 Шарттың жалпы сомасы құрайды _____ теңге (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес), барлық жобаны іске асыру мерзімі, жылдар бойынша бөле отырып:

2024 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес);

2025 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес);

2026 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке барлық салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындар құнын қоса алғанда.

3.2 Тапсырыс беруші Орындаушының жұмысын төмендегідей тәртіпте төлейді: Тапсырыс беруші осы шарт Қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті жылға қаржыландыру сомасының 50% - ын алдын ала төлеуді жүзеге асырады.

Келесі төлем Орындаушы ұсынған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына және Тараптардың орындалған жұмыстар туралы актісіне қол қойған күннен соң алынған алғашқы төлемге сәйкес пропорционалдық жүйе бойынша төленеді.

Шарт бойынша тиісті қаржылық жылдың соңында түпкілікті төлем (жобаның іске асырылуының бірінші жылы, екінші жылында (аралық) Орындаушы төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес ұсынғаннан кейін: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есебін, Ұлттық ғылыми кеңестердің оң шешімін (дерін), бөлінген қаржыны пайдалану туралы есебін (Шартқа 2.1-2 қосымша) және бекітілген заңдарға сәйкес, атқарылған жұмыстардың актісіне Тараптар қол қойған соң жүргізіледі.

Шарт бойынша тиісті қаржылық жылдың соңында түпкілікті төлем (жобаның іске асырылуының үшінші жылы, (қорытынды)) Орындаушы төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес ұсынғаннан кейін: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есебін, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысын, Ұлттық ғылыми кеңестердің оң шешімін (дерін), бөлінген қаржыны пайдалану туралы есебі (Шартқа 2.1-2 қосымша) және бекітілген заңдарға сәйкес, атқарылған жұмыстардың актісіне Тараптар қол қойған соң жүргізіледі. ЖТС Астана қаласы бойынша Мемлекеттік табыстар департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік табыстар басқармасы РМБ-на аударылады БСН ЖСН.

3.3 Қаржыландыру көзі: Республикалық бюджет.

3.4 Орындаушы және бірлесіп орындаушылар өздеріне тиісті рет бойынша бухгалтерлік есеп және жұмыстың әр кезеңдеріндегі жасалған нәтиженің құнына заңнамалық тәртіппен нақты талдау жасауы міндетті.

3.5 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы 2017 жылдың 25 желтоқсанындағы Кодексінің 394-бабының 40) тармақшасына сәйкес Орындаушы қосымша құн салығынан босатылады.

4. Жұмысты тексеру және қабылдау тәртібі

4.1 Іске асырылуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын шарттар бойынша орындаушылар сараптама орталығына ағымдағы есепті жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей сараптама орталығының ақпараттық жүйесі арқылы күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаның іске асырылуы туралы қысқаша мәліметтерді ұсынады. Орындаушылар уәкілетті органға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептерді (жоба аяқталғаннан кейін) ағымдағы есепті жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

4.2 Орындаушы Тапсырыс берушіге гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті ((аралық) (бірінші жыл (іске асыру мерзімі 1 (бір жыл) жобаларды қоспағанда), жобаларды іске асырудың екінші жылы (іске асыру мерзімі 2 (екі жыл) жобаларды қоспағанда) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде және қорытынды есепті жылдың 10 желтоқсанына дейін осы Шартқа, сондай-ақ орындалған жұмыстар актісін және Ұлттық Ғылыми Кеңестің шешімін ағымдағы есепті жылдың 10 желтоқсанына дейін ұсынады.

Орындаушы гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепте көрсетілетін мәліметтердің анықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

4.3 Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыру процесінде кері нәтиже алудың болмай қоймайтындығы немесе Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны одан әрі жүргізудің тиімсіздігі анықталса, Орындаушы оларды тоқтата тұруға, бұл туралы жұмыс тоқтатылғаннан кейін бес күндік мерзімде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.

Бұл жағдайда тараптар Ұлттық ғылыми кеңестің (- тердің) шешімін алу арқылы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны жалғастырудың орындылығы мен бағыттары туралы мәселені қарауға міндетті.

4.4. Жоба барысында мемлекеттік ұйымдар сатып алған құрал, жабдық және (немесе) инвентарь олардың балансына бекітіледі.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1 Шарттағы көрсетілген міндеттер орындалмаған жағдайда, тараптар заңнамада белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

5.2 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша жұмыстар осы Шарттың 1.1-1-қосымшасында және Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде орындалмаған жағдайда, Орындаушы әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның тиісті ағымдағы жылы сомасының 0,03% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын тиісті бюджеттің кірісіне төлейді.

Күнтізбелік жұмыс жоспарында көзделген жұмыстар орындалмаған және тиісінше орындалмаған жағдайда (1.1-1-қосымша)._) Орындаушы әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның тиісті ағымдағы жылы сомасының 0,04% - ы мөлшерінде тиісті бюджет кірісіне тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының сомасын шегеру үшін Орындаушы мен Тапсырыс беруші Республикалық бюджеттің кірісіне Орындаушы тұрақсыздық айыбын төлеген және растайтын құжатты ұсынған жағдайларды қоспағанда, Шартқа қосымша келісім жасасады.

5.3 Орындаушы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша жұмыстарды орындамаған және дұрыс орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші жобаның кез келген кезеңінде Ұлттық ғылыми кеңестің шешіміне сәйкес қаржыландыруды тоқтата алады.

5.4 Гранттық қаржыландыру қаражаты ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны тікелей басқару үшін Өтінім беруші тағайындаған ғылыми жетекшісіне гранттық қаржыландыруға арналған өтінімге сәйкес беріледі.

5.5 Гранттық қаржыландырудың қаражаты бекітілген заңдардың талаптарына сәйкес, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға қатысты шығындарға бағытталуы тиіс.

5.6 Гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражат тиімсіз және негізсіз басқа мақсатқа жұмсалса, Орындаушы бекітілген заңнамалық талаптар бойынша жауапты болады.

6. Өзге де шарттар

6.1 Жобаны (ларды) іске асыру процесінде орындаушы осы конкурстық құжаттаманы ұстануға міндетті.

6.2 Жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т.б.) жариялау кезінде авторлар жобаның ЖТН және қаржыландыру көзін (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті) көрсете отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауға тиіс.

Орындаушы гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және заңдылығын қамтамасыз етеді.

6.3 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың іске асырылу барысына және олардың нәтижелілігіне, оның ішінде жергілікті жерге барып мониторинг жүргізу, сондай-ақ жүргізілетін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың нәтижелілігінің мониторингін жүзеге асыру қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6.4 "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілетін жағдайда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны орындауға бөлінетін қаражаттың көлемін тиісті қаржы жылына бөлінетін бөлігін азайтып, Тапсырыс беруші Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде Шарттың 3.1-тармағына, күнтізбелік жұмыс жоспарына (Шартқа 1.1-1 қосымшасы) талапқа сай өзгерістер енгізе алады.

6.5 Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық мекемесіне «__» _____ 20 ()_ жылдан тіркеуге қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті саналады.

6.6 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есепті мемлекеттік есепке алу қағидаларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми – техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік есепке алу қағидаларына сәйкес Орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында (бұдан әрі-Орталық) міндетті мемлекеттік есепке алуға жатады .

6.7 Үшінші тараптың барлық наразылықтарына Орындаушы жауапты болады.

6.8 Шарт бірдей заңды күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан екі данада жасалды.

6.9 Осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен ресімделеді және оларға Тараптардың бірінші басшылары қол қояды.

Тараптардың заңды мекенжайлары
(бөлек бетке орналастыруға болмайды)

Тапсырыс беруші:

«Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ
Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
БИН 061 140 007 608
БИК КК MF KZ 2A
ИИК KZ92 0701 01KS N000 0000
Кбе 11
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті»

Төраға

_____ **Тегі.А.Ә.**
м.о.

Орындаушы:

Мекеменің заңды атауы
Заңды мекен-жайы
Облыс, қала, көше, үй
БИН XXX XXX XXX ...
БИК XX XX XX
ИИК XXXX XXXX XXXX ...
Кбе XXX
БАНК без филиала и города

Лауазымы (Ұйымның атауысыз)

_____ **Фамилия. И.О.**

м.о.

(ескерту - көк, шарикті қаламмен қол қою, мөрді анық басып шығару)

(ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРДІ ЖЕКЕ БЕТТЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ)

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

Шарт № _____ 20__ жыл

1. ОРЫНДАУШЫНЫҢ АТАУЫ (заңды, немесе жеке тұлға)

- 1.1 Басым бағыты: _____ толтыру.
- 1.2 Қосалқы басымдығы: _____ Толтыру.
- 1.3 Жоба тақырыбы бойынша: ИРН _____ «_____» Толтыру.
- 1.4 Жобаның жалпы сомасы XXXXXX (жоба сомасының сандық мәні) (жазбаша) теңге, оның ішінде жылдар бойынша бөле отырып, 3-тармаққа сәйкес жұмыстарды орындау үшін:
- 2024 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге;
 - 2025 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге;
 - 2026 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге.

2. Ғылыми-техникалық өнімнің біліктілік белгілері бойынша сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштер

- 2.1 Жұмыс бағыты: Толтыру.
- 2.2 Қолдану аясы: Толтыру.
- 2.3 Соңғы нәтиже:
- 2024 жылға: Толтыру;
 - 2025 жылға: Толтыру;
 - 2026 жылға: Толтыру.
- 2.4 Патент қабілеттілігі: Толтыру.
- 2.5 Ғылыми-техникалық деңгей (жаңалық): Толтыру.
- 2.6 Ғылыми-техникалық өнімді пайдалану: Кім пайдаланады? Толтыру
- 2.7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалану түрі: Толтыру.

3. Жұмыстардың атауы, оларды іске асыру мерзімдері және нәтижелері

Тапсырма, кезең шифры	Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері*	Орындау мерзімі*		Күтілетін нәтиже*
		басталуы	аяқталуы	

Ескертпе: * - конкурстық өтінімнің күнтізбелік жоспарына сәйкес әрбір жыл бойынша 2024, 2025, 2026 жылдардағы жұмыстар, мерзімі және нәтижелері көрсетіледі.

Тапсырыс беруші:

«ҚР Ғылым және жоғары білім
министрлігінің Ғылым комитеті» ММ

Т. А.Ә.
м.о.

Орындаушы:

ЛАУАЗЫМЫ «Ұйымның атауы»

Ұйымның бірінші
м.о. басшысының Т.А.Ә

Таныстым:
Ғылыми жоба (лардың) жетекшісі
Т.А.Ә.
(қолтаңба)

(Қолтаңбаларды жеке бетте орналастыруға болмайды)

(Күнтізбелік жоспар жобаның әрбір тақырыбы бойынша жеке жасалады)

**ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ
ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

№ p/c	Шығындар бабының атауы	Смета бойынша жоспарланған сома	Нақты жұмсалған сома	Қаражат ты үнемдеу	Растайтын құжаттардың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы					
2	Ғылыми іс- сапарлар:					
	Қазақстан Республикасы ішінде					
	Қазақстан Республикасы сыртында					
3	Басқа қызметтер мен жұмыстар					
4	Материалдарды сатып алу					
5	Жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы сатып алу (заңды тұлғалар үшін)					
6	Ғылыми- ұйымдастырушы лық қамтамасыз ету					
7	Үй-жайларды жалға алу					
8	Жабдықтар мен техниканы жалға алу					
9	Зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары					
10	Салықтар мен басқа міндеттер					
	ЖИЫНЫ	Барлығы	Барлығы	Барлығы		

Ескертпе:

- 1) Әрбір жоба бойынша есеп жеке толтырылады;
- 2) Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін Орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ұйым жетекшісі	_____	_____
	(қолтаңба)	Т.А.Ә. (бар болса)
Ғылыми жоба жетекшісі	_____	_____
	(қолтаңба)	Т.А.Ә. (бар болса)
Есепші-экономист	_____	_____
	(қолтаңба)	Т.А.Ә. (бар болса)